26) мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сондай-ақ, педагогикалық әдепті сақтау және педагогтің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органның қызметін үйлестіреді;

27) жылына бір рет білім беру, денсаулық сақтау және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында, арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында балалардың білім алуға, тамақтануды, тасымалдауды, демалысты, сауықтыруды және бос уақытын ұйымдастыруға балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органға жіберу;

28) мемлекеттік қызмет көрсету;

29) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау үшін Комитет әзірлеген және (немесе) іске асыратын заңға тәуелді актілерге қатысты мониторинг жүргізуге қатысу, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

32) білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау;

33) жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосулар мен хабарларда көтеретін жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингілеуді және айқындауды жүзеге асыру;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талап-арыз беру;

35) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.09.2024 № 235 бұйрығымен.**

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) Департамент қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, еңбек және орындаушылық тәртіпке, кадр қызметінің жұмысына және құжат айналымының ұйымдастырылуына бақылау жасайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

6) барлық Департамент қызметкерлері үшін міндетті түрде орындалуға тиісті құзыретіне енетін мәселелер бойынша құқықтық актілер шығарып, қол қояды;

7) Департаменттің өз құзыреті шегінде тиісті қаулыларын шығарады;

8) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша әкімшілік істерді қарайды және әкімшілік жаза қолданады;

9) Комитеттің келісімі бойынша Департаменттің жұмыс жоспарын және тексеріс субъектілеріне барып, профилактикалық бақылау жүргізу тізімін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Департаменттің атынан өкілдік етеді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған шараларды қабылдау бойынша жалпы басшылық жасайды, қызметкерлердің сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының жай-күйіне дербес жауапты болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаментке өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
2023 жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген  
19 қосымша

**"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – Комитет) құзыреті шегінде білім саласында іске асыру және бақылау функцияларын

жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады, сондай-ақ, Департаменттің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) стратегиялық функцияларын орындауға қатысады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жамбыл көшесі, 25-үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде іске асыру;

2) білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарына сырттай бағалау жүргізу арқылы білім саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру, мемлекеттік бақылауды жүргізу.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға қабылданған Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің күшін жою және оларға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

2) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қажетті құжаттар мен ақпаратты сұрату және алу;

3) Департаменттің құзыреті шегінде мәселелерді пысықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғылыми және өзге де ұйымдарды, сондай-ақ, жекелеген ғалымдарды, педагогтерді, мамандар мен сарапшыларды тарту;

4) Департамент құзыретіне жататын мәселелер бойынша комиссиялардың, жұмыс тобының жұмысына қатысу;

5) Департамент жанынан консультативтік-кеңесші органдар (комиссиялар, кеңестер, алқалар) құру;

6) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін білім саласындағы білікті мамандардан сарапшылардың дерекқорын құру;

7) тексерілетін субъектілерге бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың және ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тарту;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану;

9) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасымен белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасын толтыру және сот органдарына жолдау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаменттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;

11) Департамент қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;

12) Еңбек кодексінде және Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, өтініштері мен шағымдарын қарау;

14) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

15) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ, тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша олармен бірлескен актілер негізінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) Комитетке атқарып жатқан жұмыстар бойынша уақытылы және сапалы ақпарат беру, сондай-ақ, Министрлік пен Комитет берген нұсқауларды орындау;

17) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

18) мемлекеттік қызметтерді тұтынушыларды мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы хабардар етуді қамтамасыз ету;

19) мемлекеттік қызметті көрсету саласындағы уәкілетті органдарға тиісті ақпарат ұсыну;

20) жергілікті атқарушы органдардың білім басқармалары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, арнаулы білім беру ұйымдары және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы (балалардың білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету, тамақтануды ұйымдастыру) бұзу фактілері анықталған кезде тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға материалдар жіберу;

21) Комитет пен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган қызметінің бағыттары бойынша әдістемелік көмек алу;

22) бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы, оның ішінде отбасы мен балалар саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру бөлігінде жетілдіру жөнінде ұсыныстар жіберу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес:

бастауыш білім беру;

негізгі орта білім беру;

жалпы орта білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру қызметімен айналысуға лицензиялауды электрондық түрде жүзеге асыру;

3) білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құру;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

5) білім беру ұйымын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалардың тізілімінен алып тастау;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қызметін хабарлама жасау тәртібінде жүзеге асыратын білім беру ұйымының қызметін тоқтату;

7) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

8) жұмыс жасау ережелеріне сәйкес рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде хабарлама тәртібін жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау субъектісіне барумен рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

10) педагогтердің құқығын қорғау және педагогикалық әдеп нормалары мәселелерін алқалы және жария қарау мақсатында консультативтік-кеңесші органын құру;

11) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру ұйымдарын, денсаулық сақтау саласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарын және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу;

13) меншік нысанына қарамастан, республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарында бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру;

14) меншік нысанына қарамастан, республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарында білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер жүргізу;

15) республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізу;

16) бақылау және тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану, оларды қозғау және сот органдарына беру, сот процестеріне қатысу;

17) өз құзыреті шегінде білім беру саласындағы анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамаларды беру;

18) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары негізінде бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімін және біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін әзірлеу;

19) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу рәсімін жүзеге асыру;

20) білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторингілеу жүргізуге қатысу;

21) білім беру жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсету;

22) білім беру жүйесінің сапасын сырттай және ішкі бағалау үшін статистикалық және талдамалық бағалау көрсеткіштерінің кешені көмегімен білім беру мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

23) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;

24) білім беру ұйымдарын салу, күрделі және ағымдағы жөндеу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, бейнебақылау жүйелерімен және санитариялық-гигиеналық жайлылықпен (жылы дәретханалар) жарактандыру, оқулықтармен қамтамасыз ету, апаттық және үш ауысымды мектептердің дайындығына, педагогтердің құқықтарын қорғау мәселелеріне мониторинг жүргізу;

25) Департаменттің өкілеттілігіне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

26) мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сондай-ақ, педагогикалық әдепті сақтау және педагогтің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органның қызметін үйлестіреді;

27) жылына бір рет білім беру, денсаулық сақтау және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында, арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында балалардың білім алуға, тамақтануды, тасымалдауды, демалысты, сауықтыруды және бос уақытын ұйымдастыруға балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органға жіберу;

28) мемлекеттік қызмет көрсету;

29) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау үшін Комитет әзірлеген және (немесе) іске асыратын заңға тәуелді актілерге қатысты мониторинг жүргізуге қатысу, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

32) білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау;

33) жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосулар мен хабарларда көтеретін жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингілеуді және айқындауды жүзеге асыру;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талап-арыз беру;

35) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.09.2024 № 235 бұйрығымен.**

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) Департамент қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, еңбек және орындаушылық тәртіпке, кадр қызметінің жұмысына және құжат айналымының ұйымдастырылуына бақылау жасайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

6) барлық Департамент қызметкерлері үшін міндетті түрде орындалуға тиісті құзыретіне енетін мәселелер бойынша құқықтық актілер шығарып, қол қояды;

7) Департаменттің өз құзыреті шегінде тиісті қаулыларын шығарады;

8) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша әкімшілік істерді қарайды және әкімшілік жаза қолданады;

9) Комитеттің келісімі бойынша Департаменттің жұмыс жоспарын және тексеріс субъектілеріне барып, профилактикалық бақылау жүргізу тізімін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Департаменттің атынан өкілдік етеді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған шараларды қабылдау бойынша жалпы басшылық жасайды, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының жай-күйіне дербес жауапты болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаментке өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
2023 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген  
20 қосымша

**"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің ережесі**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – Комитет) құзыреті шегінде білім саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады, сондай-ақ, Департаменттің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) стратегиялық функцияларын орындауға қатысады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттілік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160015, Шымкент қаласы, Шаяхметов көшесі, 39-үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде іске асыру;

2) білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарына сырттай бағалау жүргізу арқылы білім саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру, мемлекеттік бақылауды жүргізу.

#### 14. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға қабылданған Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің күшін жою және оларға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізу;
- 2) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қажетті құжаттар мен ақпаратты сұрату және алу;
- 3) Департаменттің құзыреті шегінде мәселелерді пысықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғылыми және өзге де ұйымдарды, сондай-ақ, жекелеген ғалымдарды, педагогтерді, мамандар мен сарапшыларды тарту;
- 4) Департамент құзыретіне жататын мәселелер бойынша комиссиялардың, жұмыс тобының жұмысына қатысу;
- 5) Департамент жанынан консультативтік-кеңесші органдар (комиссиялар, кеңестер, алқалар) құру;
- 6) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін білім саласындағы білікті мамандардан сарапшылардың дерекқорын құру;
- 7) тексерілетін субъектілерге бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың және ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тарту;
- 8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану;
- 9) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасымен белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасын толтыру және сот органдарына жолдау;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаменттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;
- 11) Департамент қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;
- 12) Еңбек кодексінде және Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, өтініштері мен шағымдарын қарау;
- 14) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

15) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ, тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша олармен бірлескен актілер негізінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) Комитетке атқарып жатқан жұмыстар бойынша уақытылы және сапалы ақпарат беру, сондай-ақ, Министрлік пен Комитет берген нұсқауларды орындау;

17) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

18) мемлекеттік қызметтерді тұтынушыларды мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы хабардар етуді қамтамасыз ету;

19) мемлекеттік қызметті көрсету саласындағы уәкілетті органдарға тиісті ақпарат ұсыну;

20) жергілікті атқарушы органдардың білім басқармалары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, арнаулы білім беру ұйымдары және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы (балалардың білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету, тамақтануды ұйымдастыру) бұзу фактілері анықталған кезде тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға материалдар жіберу;

21) Комитет пен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган қызметінің бағыттары бойынша әдістемелік көмек алу;

22) бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы, оның ішінде отбасы мен балалар саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру бөлігінде жетілдіру жөнінде ұсыныстар жіберу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес:

бастауыш білім беру;

негізгі орта білім беру;

жалпы орта білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандық топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру қызметімен айналысуға лицензиялауды электрондық түрде жүзеге асыру;

3) білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құру;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

5) білім беру ұйымын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалардың тізілімінен алып тастау;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қызметін хабарлама жасау тәртібінде жүзеге асыратын білім беру ұйымының қызметін тоқтату;

7) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

8) жұмыс жасау ережелеріне сәйкес рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде хабарлама тәртібін жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау субъектісіне барумен рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

10) педагогтердің құқығын қорғау және педагогикалық әдеп нормалары мәселелерін алқалы және жария қарау мақсатында консультативтік-кеңесші органын құру;

11) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру ұйымдарын, денсаулық сақтау саласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарын және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу;

13) меншік нысанына қарамастан, республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарында бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру;

14) меншік нысанына қарамастан, республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық

бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарында білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер жүргізу;

15) республикалық білім беру ұйымдарын, рухани білім беру және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда, талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізу;

16) бақылау және тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану, оларды қозғау және сот органдарына беру, сот процестеріне қатысу;

17) өз құзыреті шегінде білім беру саласындағы анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамаларды беру;

18) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары негізінде бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімін және біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін әзірлеу;

19) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу рәсімін жүзеге асыру;

20) білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторингілеу жүргізуге қатысу;

21) білім беру жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсету;

22) білім беру жүйесінің сапасын сырттай және ішкі бағалау үшін статистикалық және талдамалық бағалау көрсеткіштерінің кешені көмегімен білім беру мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

23) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;

24) білім беру ұйымдарын салу, күрделі және ағымдағы жөндеу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, бейнебақылау жүйелерімен және санитариялық-гигиеналық жайлылықпен (жылы дәретханалар) жаратқандыру, оқулықтармен қамтамасыз ету, апаттық және үш ауысымды мектептердің дайындығына, педагогтердің құқықтарын қорғау мәселелеріне мониторинг жүргізу;

25) Департаменттің өкілеттілігіне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

26) мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сондай-ақ, педагогикалық әдепті сақтау және педагогтің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органның қызметін үйлестіреді;

27) жылына бір рет білім беру, денсаулық сақтау және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында, арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында балалардың білім алуға, тамақтануды, тасымалдауды, демалысты, сауықтыруды және бос уақытын ұйымдастыруға балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органға жіберу;

28) мемлекеттік қызмет көрсету;

29) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау үшін Комитет әзірлеген және (немесе) іске асыратын заңға тәуелді актілерге қатысты мониторинг жүргізуге қатысу, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

32) білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау;

33) жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосулар мен хабарларда көтеретін жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингілеуді және айқындауды жүзеге асыру;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талап-арыз беру;

35) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.09.2024 № 235 бұйрығымен.**

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) Департамент қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Департаменттің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, еңбек және орындаушылық тәртіпке, кадр қызметінің жұмысына және құжат айналымының ұйымдастырылуына бақылау жасайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

6) барлық Департамент қызметкерлері үшін міндетті түрде орындалуға тиісті құзыретіне енетін мәселелер бойынша құқықтық актілер шығарып, қол қояды;

7) Департаменттің өз құзыреті шегінде тиісті қаулыларын шығарады;

8) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша әкімшілік істерді қарайды және әкімшілік жаза қолданады;

9) Комитеттің келісімі бойынша Департаменттің жұмыс жоспарын және тексеріс субъектілеріне барып, профилактикалық бақылау жүргізу тізімін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Департаменттің атынан өкілдік етеді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған шараларды қабылдау бойынша жалпы басшылық жасайды, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының жай-күйіне дербес жауапты болады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаментке өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.